

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру үйімі (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) _____

Топ: ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 24.06 - 28.06.2024ж.

Педагогтың аты-жөні _____

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім күніне арналған мерекелік қабылдауды әзірлеу. (сөйлеуді дамыту, музика)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды екілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналардың толғандыратын сұрақтарына жауап беру, балалар үшін қолайлы жағдай тудыру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Бөлме өсімдіктерді суару. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру; өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын	Ойын бұрышындағы ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды тәртіпке үйрету, ойыншықтарды өз орынына қоюды	Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру. Мақсат-міндеттер: балаларға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен	Асхана бойынша кезекшілік. (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты	Аквариумдағы балықтарды коректендіру. Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үтіп шашырату), аквариумдағы

	жапырақтарға тигізбей); тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу (еңбек іс-әрекеті)	игерту. (еңбек іс-әрекеті)	кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машиқтандыру. (еңбек іс-әрекеті)	орындауға деген ұмытылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машиқтандыру. (еңбек іс-әрекеті)	балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. (еңбек іс-әрекеті)
	Көше қозғалысы ережелерін қайталау. «Дымбілместің қала көшелеріндегі оқиғалары» сюжеттерді көрсетіп, бірге талдау. Жапсыру «Бағдаршам». Балалардың ережелерді есте сақтауы үшін балабақша ауласында «көше қозғалысы» ойынын ұйымдастыру (ойнышық машинадар,	«Улы өсімдіктер мен саңырауқұлақтар», «Дәрілік өсімдіктер», «Табиғаттағы қауіпсіздік» суреттерді қарап, әңгімелесу, мультфильмдер көрсету (ресурстардың үлгісіне сілтеме: https://www.youtube kids.com/) Жапсыру «Жеміс-жидектер патшалығы». «Саңырауқұлақтар әлемі», мүсіндеу.	Өрт кезіндегі тәртіп ережелері, «01 қызметі», өрт сөндірушілер қызметі туралы балалармен әңгімелесу. "Суретті жина" пазл ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды бөліктерді бір-біріне дұрыс қоюға үрету. "Нениң төлі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарларлың төлдерін атауға	Ойындар: «Өртке қауіпті заттар», «Өрт сөндірушіге не қажет?» «Өртке қауіпті заттар» коллажы. «Болады-болмайды», дидактикалық ойын. «Мен бастаймын сен аяқта» дидактикалық ойын. Балалармен тақырыпқа байланысты кері байланыс жасау. "Бір сөзбен ата!" ойыны.	Теартландырылған қойылым атрибуттарының байқауы. Балалармен бірге қойылымдар қою (саусақ театры, көлеңкелі театр, қуыршақ театры) Үстел үсті ойыны: "Лото". Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көкөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату. Ойын шарты:

	<p>куыршақтар, құрастырғыш, жол белгілерін пайдалану).</p> <p>"Ол не?" дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үрету.</p> <p>Матрешканың бөлшектеу және құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші балаларға мынадай жүмбақ айтады:</p>	<p>"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Бұлттар құстай үшады, (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың үшқанына еліктеу)</p> <p>Құстар бұлттай үшады,</p> <p>Көк аспанда, биікте, (Аталған қимылдарды,</p>	<p>дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды жалпылауға және бір сөзбен атауға үрету.</p> <p>"Жұбынды тап" ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбынды тап" белгісі бойынша, бірдей тұсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Эр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек.</p> <p>Құралдары:</p>	<p>көкөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру.</p> <p>Үш үлкен карточка-бақша, бау, гүлзар бейнеленген, көлемдері 8×8 см карточкалар және көкөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5 см карточкалар.</p> <p>"Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі бір ертегідегі кез келген кейіпкердің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру;</p>
--	---	---	--	---	---

	<p>Бойы әр түрлі, жұмбағымды тыңдашы, Өзара ұқсас жүзі менен сымбатты. Бір-біріне сыйып кеткен көрінбей, Жиналғанда бір ойыншиқ сияқты. Ойынды қайталап өткізгенде балалардың ынтасын туғызу үшін матрешка туралы кітаптарды көрсетуге болады. Осыдан кейін матрешканы бөлшектеп, оның жоғарғы және төменгі бөлігіне балалардың назарын аударады, оларды салыстырады, сонынан қайтадан құрастырады. Тәрбиеші матрешкалардың ең</p>	<p>қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау) Қанат жайып, ұшады. Бұлттар құстай болмайды, (Саусақпен бұлғау) Құстар бұлттай болмайды. Бұлттар құстай бұтаға (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге булғау, құстың ұшқанына еліктеу) Қанат жайып қонбайды. (Саусақпен бұлғау) Д. Ахметова. "Лото "Құстар"" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға</p>	<p>таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар. Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа жұпты суреттерді қолдануға болады.</p>	<p>байланыстырып сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертеғілер әлеміне деген тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі ертеғілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер.</p>
--	--	--	---	--

	<p>Улкенінен кішісіне қарай орналасу тәртібін көрсетеді. Балалар бір матрешканы екіншісінің ішіне салып, оның қайсысы үлкен екенің анықтайды. Егер бала матрешканың өз бөліктерін үлкен- кішілігі бойынша тауып, оларды бойларына қарай қоя білсе, тапсырма дұрыс орындалған болып есептеледі. Ойын бір- екі рет қайталанады. Матрешканы бөлшектеп кұрастыруда қателеспеген бала женімпаз аталады.</p>	<p>дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша.</p>		
Ертеңгілік жаттығу	<p>Таңғы жаттығу. "Маған қарай жүгіріндер" ойыны. Топтасып бір бағытта жүгіреді. "Торғайлар болып ұшайық": жан жаққа женіл жүгіреді.</p>			

	<p>Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады. Шеңбер бойында журу, жеңіл жүгіру, "қоянша" секіру. Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу "Құстай қанат самғайық" жаттығуы Тік тұрып, қолды бүйірге қойып, аяқты алшақ етіп тұрып онға және солға иілу. Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл журу. Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру. (дene шынықтыру)</p>										
Таңғы ас	<p>Балалардың қолдары мен беттерін жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру. Асхана құралдарын дұрыс қолдануды дағдыландауды. Тамақтанғаннан кейін бет пен қолды жууды дағдыландауды. Таңғы асты тауысып жеуге үйрету.</p> <p>Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>										
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<table border="1"> <tr> <td>"Не өзгерді?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда қабылдауды, зейінді, есте сақтауды дамыту; ақыл-ойды, байқауды тәрбиелеу. Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар. Тәрбиеші балалардың алдында таныс ойыншықтар мен заттарды</td><td>"Кім шақырганын тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, құрдастарын дауысы арқылы тану. Балалар шеңберде тұрады, санамактың көмегімен бір жүргізуші таңдалады.</td><td>"Біз құсты іздейміз" ойыны. Мақсат-міндеттер: бақылау, кеңістіктегі бағдарлауды дамыту. Тәрбиешінің қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар.</td><td>"Ақ шамшық" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.</td><td>"Не дыбыстыайды?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың дыбыстарын тыңдай отырып, дұрыс табуға машиқтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттары.</td></tr> <tr> <td></td><td>Жұргізуші көзін жұмады, ол шеңберде тұрады. Тәрбиеші көрсететін бала</td><td>Жұргізуші көзін жасырады. Ал балалар оны іздеулері қажет. - Қанекей, ойынды бастаймыз. Көзімізді қабыстырып алға</td><td>Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстаратады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға</td><td>Құралдары: аудио жазбалар, құстардың суреттері.</td></tr> </table>	"Не өзгерді?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда қабылдауды, зейінді, есте сақтауды дамыту; ақыл-ойды, байқауды тәрбиелеу. Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар. Тәрбиеші балалардың алдында таныс ойыншықтар мен заттарды	"Кім шақырганын тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, құрдастарын дауысы арқылы тану. Балалар шеңберде тұрады, санамактың көмегімен бір жүргізуші таңдалады.	"Біз құсты іздейміз" ойыны. Мақсат-міндеттер: бақылау, кеңістіктегі бағдарлауды дамыту. Тәрбиешінің қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар.	"Ақ шамшық" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	"Не дыбыстыайды?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың дыбыстарын тыңдай отырып, дұрыс табуға машиқтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттары.		Жұргізуші көзін жұмады, ол шеңберде тұрады. Тәрбиеші көрсететін бала	Жұргізуші көзін жасырады. Ал балалар оны іздеулері қажет. - Қанекей, ойынды бастаймыз. Көзімізді қабыстырып алға	Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстаратады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға	Құралдары: аудио жазбалар, құстардың суреттері.
"Не өзгерді?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда қабылдауды, зейінді, есте сақтауды дамыту; ақыл-ойды, байқауды тәрбиелеу. Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар. Тәрбиеші балалардың алдында таныс ойыншықтар мен заттарды	"Кім шақырганын тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, құрдастарын дауысы арқылы тану. Балалар шеңберде тұрады, санамактың көмегімен бір жүргізуші таңдалады.	"Біз құсты іздейміз" ойыны. Мақсат-міндеттер: бақылау, кеңістіктегі бағдарлауды дамыту. Тәрбиешінің қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар.	"Ақ шамшық" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	"Не дыбыстыайды?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың дыбыстарын тыңдай отырып, дұрыс табуға машиқтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттары.							
	Жұргізуші көзін жұмады, ол шеңберде тұрады. Тәрбиеші көрсететін бала	Жұргізуші көзін жасырады. Ал балалар оны іздеулері қажет. - Қанекей, ойынды бастаймыз. Көзімізді қабыстырып алға	Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстаратады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға	Құралдары: аудио жазбалар, құстардың суреттері.							

	<p>ұсынады.</p> <p>Ойыншықтар қатарға қойылған кезде балалар оларды айтады.</p> <p>Балалар көздерін жүмады, тәрбиеші қатардағы ойыншықтардың орнын өзгертеді.</p> <p>Балалар көздерін ашып, ойыншықтың қай жерге көшкенін айтады.</p>	<p>жүргізушінің атымен шақырылуы керек.</p> <p>Жүргізуші оны кім шақырғанын табуы керек.</p>	<p>жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын.</p> <p>- Енді, іздел, табындар.</p>	<p>созды. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сэтте сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп дауыстайды.</p>	
<p>Мектепке дейінгі үйим кестесі бойынша үйимдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</p> <p>"Құстар"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың құстар туралы түсінік қалыптастыру. Құстардың сыртқы бейнесінің ерекшеліктері, тіршілі гі туралы білімдерін кеңейту.</p>	<p>Дене шынықтырудан ойын-жаттығу</p> <p>"Көңілді секірейік"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларда екі аяқтан басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындықта, 5-10 см биіктіктеңі</p>	<p>Жапсырудан ойын-жаттығу</p> <p>"Көгалдағы балапан"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға жапсырмалау туралы түсінік беріп, жапсырмалар жасауға үйрету, балалардың ұсақ қол моторикасын, қиялын дамыту.</p> <p>«Көгалдағы балапан» жапсырып үйрету,</p>	<p>Коршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу</p> <p>"Құстар"</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың қыстап қалатын және жылды жаққа ұшып кететін құстар туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру, қыстап қалатын және «Көгалдағы балапан» жылды жаққа ұшып кететін құстарды</p>	<p>Музықадан ойын-жаттығу</p> <p>"Көнілді марш"</p> <p>Мақсат-міндеттер: музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту.</p> <p>Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар тандауда</p>

		<p>зат арқылы жерде жатқан жалпақ күрсауға секіру дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа аудысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру.</p>	<p>жырту әдісін қолдана білуге үйрету. Сюжеттік композиция құра білуге үйрету. Балаларды зерделікке, ұқыптылыққа, ізденимпаздыққа тәрбиелеу. Балалардың дүниетанымын көңейту, шығармашылық ойлауын дамыту.</p>	<p>жіктей білуге үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы зейінді, сөйлеуді, көру қабілеттерін дамыту. Құстарға деген қамқорлықты, қиын жағдайда оларға көмек беруге тәрбиелеу.</p>	<p>өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту.</p>
2- таңғы ас	Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-тигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға жүйелі түрде киініп-шешінуді, киімдерін шкафқа орналастыруды, қолдарын мұқият жууды қалыптастыру.				
Серуен	<p>Құстарды бақылау (торгай). (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға</p>	<p>Құстарды бақылау (көгершін). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: көгершіннің сыртынан танып,</p>	<p>Жәндіктерді бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балабакша ауласындағы жәндіктерді бақылау.</p>	<p>Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қарлығашты сыртынан танып,</p>	<p>Күннің көзін бақылау. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларға күн туралы түсініктерді тиянактау; табиғи</p>

	машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. "Торғай". Торғай, торғайсын, Жылдамсын, сондайсын, Шырылдан қоймайсын, Ұшасын, талмасын. Шомылып ал шалшыққа, Қонағой біздің баққа. Д. Ахметова.	өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. "Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойны.	Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: 1. Жәндіктерге нелер жатады? 2. Жәндіктер қандай табиғатқа жатады? 3. Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге? 4. Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге?	өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Карлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Карлығаш күзде жылды жаққа ұшады, ал көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда үялап, балапандарын үшуга үйретеді. - Қарлығаш, басқа құстарға қарағанда, өте ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың үшқаны да ерекше: ол реактивті ұшак	құбылыстарға деген қызығышылықты арттыру. - Балалар, аспанда жарқырап түрған не? - Ол неге ұқсайды? - Құннің көзі болмаса біз өмір сүре аламыз ба? - Құннің бізге қандай пайдасы бар? Тақпақ: Күн шыққанда: Алақай, алақай! Күн шықты күн шықты! Жер үстінде нұр шықты! "Көк ту" ойны. Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың
--	--	--	---	--	---

	<p>қымылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң тандалған баланың бірі сомдай алады.</p> <p>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.</p> <p>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.</p> <p>Екінші белгі: "Тұн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады.</p> <p>Бірінші белгіде</p>	<p>дүниетанымын кеңейту.</p> <p>Құралдар: аң- құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері.</p> <p>Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу.</p> <p>"Қаршыға мен қарлығаш" қымыл- қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшандыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала</p>	<p>әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайdan шығады? Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн сұйта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады.</p> <p>Балаларға тапсырма: "Құмырскалар илеуі" такырыбына бормен сурет салу.</p> <p>Еңбек әрекеті: аланды тазалауға көмектесу.</p> <p>Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу; табиғатқа қамқорлыққа</p>	<p>үқсал жылдам жоғары көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзак ұшып жүреді. Қарлығаш ұясын саз балшықтан жартас куыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне салады. Қарлығаш адамға жақын болады. Еңбек әрекеті: гүлді баптау, топырағын қопсыту.</p> <p>Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру.</p> <p>"Жапалак" қымыл- қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қымылдауға жаттықтыру;</p>	<p>қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірін қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Женілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. Еңбек әрекеті:</p>
--	---	---	--	--	---

	<p>оыйншылар аланда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұсына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады.</p> <p>Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.</p> <p>"Сызықты баспа"</p> <p>қимыл жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру.</p> <p>Балалардың секіру жолы бойына көлденең</p>	<p>болса да, қатыса беруге болады. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады.</p> <p>Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады.</p> <p>Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды.</p> <p>Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды.</p> <p>Алдымен "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша</p>	<p>тәрбиелеу.</p> <p>"Аққу-қаздар"</p> <p>оыйны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: белгі берісімен бір бағытта тез жүгіруге жаттықтыру; ойын шартын бұзбауға бейімдеу; бір-біріне соғылмауға дағдыландыру; дене мүшелерін дамыту; үйимшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Педагог балаларға "акқу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңың бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады.</p> <p>Алаңың ортағы екі шетінде екі (таңдалған) бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады.</p> <p>Педагог: - Аққу-қаздар, қайдасындар?</p>	<p>тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады.</p> <p>Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды.</p> <p>Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты!</p> <p>Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айттылады.</p> <p>Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып</p>	<p>ауладағы</p> <p>ағаштардар тұскен ұсақ құргақ бұтақтарды жинақтау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды тазалықта, бірлікке баулу.</p> <p>"Ақсақ үйрек" қимылды оыйны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: аланда бір аяғымен жүре білуді жетілдіру.</p> <p>Мына сөзден кейін осындағы қозғалыс жасау: «Күн шықты, ойын басталды»; ойын шарттарын сақтау(екі аяғын қатар жерге қоймау керек).</p> <p>Балалардың еркін оыйны.</p>
--	--	---	--	--	--

	<p>сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.</p> <p>Еңбек әрекеті: ауланы сыныруға көмектесу.</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету.</p> <p>Балалардың еркін ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын тандауға үйрету.</p> <p>Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді.</p> <p>Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді.</p> <p>Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар.</p> <p>"Допты қақпага домалат" жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: допты домалатып, дөгага өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдары: доптар,</p>	<p>Қайда қонып, үшасындар? Балалар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа! <p>Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады.</p> <p>Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады.</p> <p>Педагог алдын-ала алаңың шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды.</p> <p>Ойын бірнеше рет қайталанады.</p> <p>Ойын қарапаймы түрде де ойнатылады:</p>	<p>айтылады.</p> <p>Бірінші белгіде ойыншылар аланда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүргү керек.</p> <p>Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек.</p> <p>Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұсына тасиды".</p> <p>Келесі жолы басқа жапалақты таңдал, ойын жалғасады.</p> <p>Құралдары:</p> <ul style="list-style-type: none"> ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска. <p>"Қапты көлденен нысанға лақтыру" жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру</p>	
--	---	---	--	--	--

	<p>доға.</p> <p>Балалардың еркін ойыны.</p>	<p>педагогтің қалауынша "қасқырларды" қоспауға болады.</p> <p>Жаттығу ойындары: допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттықтыру.</p> <p>Халық болжамы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп күра берсе - күн ыстық болады; • өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі; • бақалар бақылдап тынышталмаса - ауа райы өзгеріп бұзылады. 	<p>жаттығуна машиқтандыру.</p> <p>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.</p> <p>Балалардың еркін ойыны.</p>	
Серуеннен оралу	Балалардың тыныш үйқысы үшін қолайлыш жағдай жасау.			
Тұскі ас	<p>Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі.</p> <p>Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз</p> <p>Астан басқа өзгені</p>			

	Елемейміз, білмейміз					
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.					
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Оянайық беріміз. Тәрбиешінің айтқанын орындауды. Көздерінді ашындар, Кірпіктерінді көтеріндер. Беттерінді жеңіл қимылмен сипандар, Бір - біріңе жымындар, Бастанынды онға, солға бұрылындар, Ауаны жұтындар, содан соң жіберіндер, Іштерінді тартындар, Көңіл күй көтерілді, Кеуделерінді алақанмен сипандар, Жұдырықты қысындар, Енді біраз ашындар, Керіліндер, созылындар, Енді ояндындар, төсектен тұрындар. (дене шынықтыру)</p>					
Бесін ас	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын тандау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.					
Балалардың дербес әрекеті (аз қымылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	"Шұбар тауық" үстел үсті театры. Мақсат-міндеттер: ертегінің мазмұнын түсінуге үйрету, ертегілердегі кейіпкерлерге деген сүйіспеншілікке	"Ғажайып қапшық" ойыны. Мақсат-міндеттер: геометриялық фигурандарды ажыратса білуге және атауға үйрету	"Шалқан" ертегісін сахналана. Мақсат-міндеттер: ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін ойнауды үйрету.	"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру;	"Аурухана" сюжетті -рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру,	

басқалар)	<p>тәрбиелеу.</p> <p>"Өзіңе жұп тап" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың бір-біріне итерместен жүгіруге үйрету, үлкен құрылыш ойнанышықтарымен ойнау.</p>	<p>рөлдік ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, үйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар.</p> <p>Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы.</p> <p>"Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады.</p> <p>Педагог алдын-ала автобуста жүру</p>	<p>ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: заттардың түсін ажыраты білу қабілетін нығайту</p> <p>«Өжет өрт сөндірушілер», «Құтқарушылар», сюжетті-рөлдік ойындары.</p>	<p>коршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру;</p> <p>ұғымталдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.</p> <p>"Үш аю" ертегісін баяндау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: ертегіні мұқият тындауға, ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p> <p>"Түрлі-түсті моншақтар" ойыны.</p> <p>Балалардың геометриялық пішіндерді ауызша нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастыра</p>	<p>құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету</p> <p>"Матрешкаға қонақта" ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: заттарды мөлшері бойынша ажыраты білу қабілетін бекіту.</p> <p>Матрешканы дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру.</p>
------------------	---	---	--	--	--

	<p>ережелерімен тәнистырады, сыпайылық ұлгілерін суреттерден көрсетеді.</p> <p>Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді.</p> <p>Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жарияладап жатады. жолаушылар кіріп, шығып жатады.</p> <p>Улкендерге орындарын беру туралы ұлгілерді көрсетуге болады.</p>		білуге үйрету.		
Балалармен жеке жұмыс	<p>"Дауыс арқылы тап" ойыны. Мақсат-міндеттер:</p>	<p>Көркем әдебиет шығармаларын оқу.</p>	<p>"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.</p>	<p>Дидактикалық ойын "Кім не естиді?".</p>	<p>Көркем әдебиет шығармаларын оқу.</p>

	онын дағдыларын, есту, қабылдау, сөйлеу, қиял қабілеттерін дамыту	Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген үмтүлістарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.	Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру, сөздік қорын дамыту.	Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген үмтүлістарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.
Серуенге дайындық	Балаларды жүйелі түрде шешінуге, шкаф сөрелеріне киім қоюға, қолдарын жууға үйрету.				
Серуен	Бұлттарды бақылау. Мақсат-міндеттер: бұлттарға қарап, түрлі бейнелерге үқсайтынын байқату; ой-қиялын тәрбиелеу. Бұлттарды бақылау. Егер сол күні аспанда бұлттар болмаса, педагог бұлттардың суреттерін көрсетіп, қандай бейнелерге үқсайтынын	Аула сыпырушының жұмысын бақылау. Мақсат-міндеттер: ересек адамның жұмысының нәтижелеріне құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Балалардан аула сыпырушыны қалай танып қойғанын сұрау; аула сыпырушысы қандай киім кигенін, қандай қуралдарды ұстап,	Жәндіктерді бақылауды жалғастыру. Мақсат-міндеттер: күннің екінші жартысында жәндіктердің жазғы гүлдердің түрлі-түсті болатынын байқату; тіршілігін (құмырсқаның илеуін) бақылауға тарту. Кіп - кішкене құмырсқа, Үйір болып жұмысқа	Гүлдерді бақылауды жалғастыру. Мақсат-міндеттер: жазғы гүлдердің түрлі-түсті болатынын байқату; балалардың эстетикалық сезімдерін ояту. Гүлдер, гулдер, көп гүлдер, Қызыл гүлдер, көк гүлдер.	Күнді бақылауды жалғастыру. Мақсат-міндеттер: күннің екінші жартысында күн батыс жаққа ауып бара жатқанын көрсету, жылуы азайып бара жатқандығын сезіндіру; байқағыштыққа тәрбиелеу. Шуақ шашып аспаннан,

	сұрайды. "Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар құстай үшады, (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың үшқанына еліктеу) Құстар бұлттай үшады, Көк аспанда, биқте, (Аталған қимылдарды,	еңбек ететінің әңгімелеу. "Көлік пен торғайлар" қымыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: ойын шарты бойынша, белгіге сай қимылдауға дағдыландыру; ойын кейіпкерлеріне еліктей білуге бейімдеу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлауға баулу. Эр бала "торғай" болып орындықта отырады. Педагог "көлік" болады. Педагог белгісі бойынша "торғайлар" залдың ортасында кез-келген бағытта жүгіріп ойнайды. Педагогтің "Көлік келе жатыр! Абай болындар!" деген	Қарамайды тұрысқа. Еңбек етіп әр кез ол, Шаршамайды жұмыста. "Ақ серек, көк серек" қымыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы	Өсе берші ырғалып. Гүлдер нәзік болады Каулап өсіп толады. Қарамасаң аялап Солып, қурап қалады. "Тұлқі мен балапандар" қымыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгі бойынша қимылдауға жаттықтыру; кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Бұл ойынға балалар 7-8 ден бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір	Шықса әлемге сән боп күн. Тіршілігі басталған, Жан-жануар жәндіктің. Асфальтқа күннің суретін салғызу. "Тығылмақ" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу. Санамақ арқылы бір бала тығылған балаларды іздеуші болып тағайындалады. Ал, басқалары тығылады. Тәрбиеші 10-ға дейін санап болғанша, іздеуші бала көзін жұмып тұрады. Осы сәтте қалған балалар тығылып үлгерулері керек. Бірінші болып
--	---	---	--	--	---

	<p>қолдарды жоғарып көтеріп, тәмен түсіріп, орындау)</p> <p>Қанат жайып, ұшады.</p> <p>Бұлттар құстай болмайды,</p> <p>(Саусақпен бұлғау)</p> <p>Құстар бұлттай болмайды.</p> <p>Бұлттар құстай бұтаға (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу)</p> <p>Қанат жайып қонбайды.</p> <p>(Саусақпен бұлғау)</p> <p>Д. Ахметова.</p> <p>"Тым-тырақай" ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың шапшандыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау, жылдам жүгіре білу</p>	<p>белгісінен кейін балалар жүгіріп орындарына "ұяларына" бару керек. Ойын 4-5 айналымды құрайды.</p> <p>Құралдары: "көлікке" (бір-екі бала да болу мүмкін) руль; "торғайларға" медальондар.</p> <p>"Допты жоғары лақтырып, қағып ал" жаттығу.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстап, жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға дағдыландыру; ептілікке, зеректікке тәрбиелеу; доппен ойынларға деген қызығушылықты арттыру.</p> <p>Еңбек әрекеті: табиғи материалдарды</p>	<p>орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, тізіліп тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары эндете өлең айтады.</p> <p>- Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек?</p> <p>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.</p> <p>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.</p> <p>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қайпсіздік еределерін қайталап, нұсқау</p>	<p>баланы "тұлқі" етіп сайлап, қалған балаларды "балапандар" деп, әрқайсысына медальон тағып, ойын ойналады.</p> <p>Ойында "балапандар" "тұлқі" кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін, тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс.</p> <p>Балалар шапшаң кен аймақты айнала қашуы тиіс.</p> <p>Құралдары: балаларға медальондар, жүргізушіге - маска.</p> <p>"Сызықты баспа" қимыл жаттығу.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландару.</p>	<p>табылған бала, іздесуге көмектеседі. Осылай ойын жағасын таба береді.</p> <p>"Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-тендікті, вестибуляр аппаратын дамыту.</p> <p>Құралдар: кегльдер.</p> <p>Балалардың құммен еркін ойндары.</p> <p>Еңбек әрекеті: балаларды ойншықтарды құмнан қағып тазалау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: қарапайым еңбек дағдыларын</p>
--	--	--	--	---	--

	<p>қабілеттерін дамыту.</p> <p>Балалар шеңбер құрайды.</p> <p>Бір немесе бірнеше бала шеңбер орнасында белгі санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады.</p> <p>Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санандар!</p> <p>Бір, екі, үш! Ал тараңдар!</p> <p>Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады.</p> <p>Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.</p> <p>Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар тез шеңбер құрып тұрады.</p> <p>Ойын қайта</p>	<p>жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды енбекке баулу, қол енбегіне қажет материалдарды жинау.</p> <p>Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>беру тиіс.</p> <p>Еңбек әрекеті:</p> <p>бақшадағы көкөністерді суару.</p> <p>Мақсат-міндеттер: су құйғышпен әрекет етуге машиқтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Кегльді қағып ал" жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: допты тұра бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсірге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу.</p> <p>Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сзықтарды салып қою. Балалар, сзықтарды баспай, алға секіруге үйренеді.</p> <p>Еңбек әрекеті:</p> <p>құмның бетін ұсақ бұталардан, жапырактардан тазалау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалардың еркін ойындары.</p>	<p>қалыптастыруды жалғастыру.</p>
--	---	---	---	--	-----------------------------------

	<p>басталады.</p> <p>"Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілкке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру.</p> <p>Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.</p> <p>Еңбек әрекеті: құмның бетін ұсак бұталардан, жапырақтардан тазалау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: тазалыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалардың еркін ойындары.</p>			
Серуенниен оралу	<p>Балалар киімдерін дұрыс шешу, шкафтарға бүктеп қою, қолды жуу әрекеттерін одан әрі қалыптастыру.</p> <p>Таза сумен Арман, Беті-қолын жуды. Оған қарап Балжан, Суга қолын созды.</p>			

	(мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Кешкі ас	Алдындағы түскі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қымылды, үстел ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қараша, сипаттап айтту; ertegілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Музикалық аспаптармен ойындар. Білім күніне арналған әндер тындалу. (шығармашылық дағдылар, музика)</p> <p>Өнер бұрышында ойыншықтар тақырыбында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. (шығармашылық, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру)</p> <p>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (тәнімдық дағдылар)</p> <p>Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.</p>				
Балалардың үйге қайтыу (ата-аналарға кеңес)	"Күннің көзінен сақтану" тақырыбына ата-аналарға кеңес беру.	" Үйдегі ойындар" тақырыбында ата-аналардан сауалнама алу.	"Дұрыс сөйлем үйренейік" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.	"Балалардың ойыншықтары" атты науқанын өткізу.	"Демалыс күндері балабақша тәртібін сақтау" атты кеңес беру.